

Хабар агенттигі





«Хабар» Агенттігі» тарихы 1995 жылдан басталады. Сол кездегі Қазақ телеарнасының ақпараттық қызметі негізінде «Хабар» Ұлттық Телевизиялық Ақпараттық Агенттігі құрылады. Бүгінгі таңда «Хабар» Агенттігі» – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар тарататын төрт арнаның тоғысқан орталығы. «Хабар» Агенттігі» құрамына республикалық «Хабар» мен «Хабар 24», «Kazakh TV» телеарналары кіреді. Агенттік құрамына кіретін телеарналардың тәуліктік хабар тарату көлемі: «Хабар» – 20 сағат, «Kazakh TV» – 24 сағат, «Хабар 24» – 24 сағат.

Қазақстан бойынша 99 % телекөрсеткіштер аудиториясын қамтиды.

Агенттіктің Қазақстанда және Ресей, Италия, АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Қытай, Бельгия

елдерінде тілшілер қосыны жұмыс істейді. Эфирдің 75% телеарнаның төл туындыларынан құралады, яғни телеарнада түсірілетін бағдарламалар, фильмдер мен телехикаялар.

Көрсеткіштердегі бағдарламалардың 90% әлеуметтік маңызды тақырыптарды қамтиды.

Тәуліктік хабар таратудың 55% мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Биыл «Хабар» Агенттігінің» құрылғанына 21 жыл толды. Осы уақыт ішінде «Хабар» Агенттігінің»

қызметкерлері мен телебағдарламалары ұлттық және халықаралық деңгейдегі түрлі марапаттарға

ие болған. Ақпараттық бағдарламалар дирекциясы тілшілерінің жұмыстары:

- ЕММУ телевизиялық сыйлығының номинанты.*
- Ресейде өткен «Золотой глагол» сайысының бас жүлдесін иеленген.*
- «Город будущего» жастар бағдарламасы Жапонияда өткен халықаралық фестивальде әлемнің үздік ондығына енді.*
- Севастополь қаласында өткен халықаралық байқауда «Хабар» Агенттігінің» бастамасымен түсірілген «Бауыржан Момышұлы» фильмі тарихи туындылардың ішінде лауреат атанды.*

«Хабар» Агенттігі» – Азия-Тынық мұхиты хабар тарату одағына (ABU), Азия және

Тынық мұхиты жаңалықтар агенттігі ұйымына (OANA), Азия және Тынық мұхиты Хабар

таратуды дамыту институтына (AIBD), Телевизия мен радионың Еуразиялық

академиясына (EATP) мүше.



САНДУҒАШ
НҰРАБАЙҚЫЗЫ
РАХИМЖАНОВА

«Хабар»

телеарнасының
директоры

«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқармасы Қоғамның атқарушы органы болып табылады, ол «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Хабар» Агенттігі» АҚ Жарғысына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін шешеді. Қоғамның Басқармасы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалғаны үшін Қоғамның жоғары тұрған органдарының алдында жауап береді. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, «Хабар» Агенттігі» АҚ Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

Орталық Хабар



Бас ғимараты Астана қаласындағы «Қазмедиа орталығы» телерадиокомпаниясында орналасқан. Біздің өкілдіктеріміз Қазақстанның әр аймағында жұмыс істейді.

Бүгінде «Хабар» телеарнасында ақпараттық-отбасылық форматтағы 39 бағдарлама қазақ және орыс тілдерінде эфирге шығуда. Эфирге шығарылатын бағдарламалардың 75 пайызы телеарнаның төл туындыларынан құралады. Олар – бағдарламалар, фильмдер мен телехикаялар. Оның ішінде телеарна мамандары аударатын көркем және деректі фильмдер де бар.

Телеарна тікелей эфирде спорттық көрсетілімдерді (Олимпиада ойындары, футболдан әлем және Еуропа чемпионаты, Чемпиондар лигасы, Еуропа лигасы, т.б.) көрермен назарына ұсынып отырады. Арнаның техникалық және шығармашылық қоры саяси, мәдени және спорттық іс-шараларды оқиға орнынан тікелей эфирде көрсетуге мүмкіндік береді.



«Хабар» телеарнасы әр телевизиялық маусымда жаңа ойын-сауықтық жобаларын ұсынды. Олардың қатарында «Ду-Думан» әзіл-сықақ театрларының сайысы мен ерекше жобалар қатарында «Аймақтар аламаны», «Бармысың, бауырым?» «Бюро расследований», «Жеті күн» бағдарламаларын ерекше атауға болады. 2012-2013 жылдары «Подружки», «Агент Z», «25-й километр», «Трактористің махаббаты» және т.б. отандық телехикаялардың тұсауы кесілді. Ал тарихи фильмдердің қатарын толықтырған «Бауыржан Момышұлы» және «Күләш» телетуындылары Алтын қордан ойып тұрып, орын алуға лайық. Сондай-ақ «Жұлдызды дода. Звездные войны», «Энергия будущего», «Сноски» жобаларына деген көрерменнің ықыласы жоғары болды.

2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тәулік бойғы «24 KZ» арнасы «Хабар 24» деген жаңа атаумен шықты. Құрылғанынан бастап «Хабар» агенттігінің құрамындағы «24 KZ» арнасының атын ауыстыру – «Хабар» Агенттігі» АҚ қайта жаңару аясындағы шараларының бірі.

20 жыл ішінде Қазақстан халықаралық аренадан берік орын алып, көптеген әлемдік үдерістерге белсенді қатысып келеді. Еліміздің жылдан-жылға өсіп келе жатқан биік беделі мен ғаламдық проблемаларды шешудегі ролі, Қазақстанның әртүрлі халықаралық мәселелерге қатысты ұстанымы, сондай-ақ қазақ елі жайлы шетелдіктердің не ойлайтыны, оны қалай қабылдайтыны туралы да тілшілеріміздің сюжеттерінен біле аласыздар. «Хабар» тілшілері арнаның рейтингін өсіру үшін жеңіл жолдар таңдамай, мемлекеттік маңызы бар оқиғаларды іздеп табады. Камераларымыз отандастарымыздың өміріне тікелей қатысты оқиғаларға бағытталған. Біз әлемнің ең ірі ақпараттық агенттіктері желілерімен бәсекелесе алатын ауқымды тілшілер желісін құрдық. Қаламгерлік дарын, өз ісіне деген жауапкершілік және тәулік бойы тыным таппай еңбек етуге деген құлшыныс – біздің журналистеріміздің негізгі ұстанымы және компаниямыздың табысты жұмысының басты кепілі.

АРМАН БАЛТАБАЙҰЛЫ СЕЙТМАМЫТ
«Хабар 24» телеарнасының директоры



Арна эфирінде сапалы сараптамалық бағдарламалардың қатары ұлғайып, репортаж жанрындағы бағдарламалардың үлесі артады, сондай-ақ аймақтардың тыныс-тіршілігі туралы жобалар көбейеді.

Жаңалықтардың жаршысы болып табылатын арнаның дәстүрлі айдарларының сапасы арта түспек, мәселен, экономика, спорт, халықаралық және баспасөзге шолу, арнайы авторлық репортаждар және көптеген басқа да салалар толығырақ қамтылады. «24 KZ» арнасы 2012 жылдың 1 қыркүйегінен бастап эфирге шықты. Арна Қазақстандағы ақпараттық арналардың ішінде аймақтық және халықаралық тілшілер қосынының көптігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар бағдарламалары 100% отандық өндірушілердің жобасы болып табылады. Олардың арасында ақпараттық-танымдық және сараптамалықтары бар.



□ Телеарна аудиториясын 25 жасстан асқан көрермендер құрайды. «Хабар» агенттігі «Хабар 24» арнасымен бірге Euronews Network-тің серіктесі болып табылады.

Бұл жаңалықтар контентімен алмасуға және еуропалық әріптестермен шеберлік сыныбын өтуге мүмкіндік береді. Аймақтық тілшілер желісі: Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Орал, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Семей, Талдықорған, Тараз, Шымкент. Халықаралық тілшілер желісі: АҚШ, Италия, Бельгия, Германия, Израиль, Түркия, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея.



*Назарларыңызға
рахмет !*